

§16. Қазақстан Республикасының конституциялық құқық жүйесі.

- Конституциялық құқық философия, әлеуметтану, саясаттану, дінтану ғылымдарымен тығыз байланысты.
- ҚР конституциялық құқығы дегеніміз - ұлттық құқықтың жетекші саласы.

Конституциялық-құқықтық қатынастар мынадай әдістермен реттеледі:

1. Міндеттеу әдісі (ҚР Конституциясының 6-бап, 34-бап)
2. Тыйым салу әдісі (ҚР Конституциясының 39-бап, 3-тармақ, 5-бап)
3. Тану әдісі (ҚР Конституциясының 12-бап, 2-тармақ)
4. Рұқсат беру әдісі (ҚР Конституциясының 21-бап, 44-бап, 52-59 баптар)

Конституциялық-құқықтық нормалар
қоғамдық қатынастың екі негізгі саласын
реттейді:

1. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесіне, оның мемлекетпен және азаматтық қоғаммен қарым-қатынасына байланысты саланы;
2. Мемлекетті құру және жария билік қызметіне байланысты саланы.

Конституциялық құқық тек көрсетілген қоғамдық қатынастарды реттейді.

Конституциялық құқықтық нормалар

- басқару, тыйым салу, міндеттеу нормалары болып бөлінеді.
- Конституциялық құқық институты – мазмұнының ұқсастығы бойынша топтасатын құқықтық нормалар жиынтығы.
- Әрбір құқықтық институт – конституциялық құқық саласының ішіндегі өзіндік жеке блок

ҚР Конституциялық құқық институттары

ҚР конституциялық құрылым негізгі институты

Адам мен азаматтың құқықтық мәртебесі институты

Сайлау жүйесі мен референдум институты

Мемлекеттік органдар жүйесінің қызметін ұйымдастыру негізі
институты


1. ҚР конституциялық құрылым негізгі институты екіге бөлінеді:



АДАМ МЕН МЕМЛЕКЕТ ҚАРЫМ-
ҚАТЫНАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ;

МЕМЛЕКЕТТІК ҮКІМЕТ ҰЙЫМДАРЫ МЕН
МЕМЛЕКЕТ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ
ҚАҒИДАЛАРЫ

2. Адам мен азаматтың құқықтық мәртебесі институты. Бұл конст.құқықтың ең ірі институты



3. Сайлау жүйесі мен референдум институты

- Референдум – қоғамдық өмірдегі маңызды сұрақтарға жалпыхалықтық дауыс беру. ҚР референдум екі рет өткізілді:
- 1995 жылы- ҚР Конституциясын қабылдау үшін.
- 1998 жылы-ҚР Президентінің өкілеттік мерзімін ұзарту үшін.

4. Мемлекеттік органдар жүйесінің қызметін ұйымдастыру негізі институты

1. ҚР Президенті институты

2. ҚР Парламенті институты

3. ҚР Үкіметі институты

4. Конституциялық кеңес институты

5. Жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару институты

6. Прокуратура мен сот органдары қызметінің құқықтық негіздері

